



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

диктатурадан демократияға өту, көппартиялық жүйеге жаңа серпін беру, елді көпжылдық оңашаланғандықтан шығару мақсат болып тұрған еді.

Дегенмен, Испанияның сыртқы саясатын қалыптастыруда ең маңызды кезең – парламенттік монархия институтын тұрақтандыру мен нығайту кезеңінің аяқталуы болған еді. Бұл оқиға басқарушысы Ф.Гонсалес (1982 – 1996) болған ИСЖП үкіметінің басшылығы кезінде, кейіннен жетекшісі Х.М.Аснар (1996 – 2004) болып табылған Халықтық партияның командасының көшбасшылығы кезінде орын алған болатын. Бұл кезең:

- Испанияның еуропалық әскери-саяси және әлеуметтік-экономикалық институттарымен интеграциясы;

- оның НАТО-ның толыққанды және белсенді мүшесіне айналуы;

- осы ұйымның тек саяси ғана емес, сонымен қатар әскери шараларына да қатысу құқығын иемдену секілді жетістіктерге жету уақыты болды.

Испанияның XX – XXI ғасырдың бетбұрысы кезінде жүргізген халықаралық осы заманғы саясаты шынында да үлкен назар аударуға тұрарлық. Ол қоғамдық және мемлекеттік мүдделер сабақтастығы рухында және Испанияның басымдық танытушы негізгі саяси партиялары арасында келісімге қол жеткізу үшін мақсатты түрде дамып келеді. 2004 жылғы 14 наурыздағы парламенттік сайлауда жеңіске жеткеннен кейін Испанияның Социалистік Жұмысшылар партиясы сайлауды бағдарламасында уәде бергендей ұлттық сыртқы саясат мәселесінде ұлттық бағдарды қалпына келтіру, қоғамда кең бәтуаластыққа негіздеу әрекетін өрістетті. Негізгі мақсаттарының бірі ретінде:

- Халықтық партияның көшбасшылығы езінде кең етек жайған проамерикандық бағытқа көлбеуді туралау;

- Мадридтің сыртқы саясатын еуропаға бағдарлау, Германия және Франция мемлекеттерімен әріптестік қарым-қатынасты жандандыру [1].

Испанияның негізгі саяси векторы Еуропалық Одақ болған, қазір де солай, солай болып қала береді да. Ол бұл бағытқа сонау XX ғ. аяғынан бастап ұмтылып келеді. Осы бағытта Испания:

- Таяу Шығыс мәселесін бейбіт реттеу бойынша, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Мадрид конференциясы (1991); ең алдымен, «аумақтарды алмасу үшін бейбітшілік» қағидаттарына сүйенген үлкен дипломатиялық саяси басшылығы, ұстанымы болды.

- Испания Халықаралық қоғамдастық тарапынан Палестина ұлттық автономиясын қалыптастыру үшін барлық ықтимал жәрдем.

- Мадрид Таяу Шығыс жөніндегі келіссөздерде ЕО-ң ең дәйекті жақтаушысы болып табылады. Осы бағытты іске асырудың нәтижесі ретінде, Мадридтің 1996 жылы Моратинос - Таяу Шығыстағы Еуропалық Одақтың арнайы сенімді адвокаты лауазымына тағайындалуы болды.

1998 жылы көктемде ЕО Испанияны валюталық және экономикалық одақ елдерінің алдыңғы қатарына қабылдау туралы шешім шығарды. Кейіннен 1999 жылы қаңтарда бірыңғай еуропалық валюта негізін салушы мемлекеттер қатарына қосылды. Осылайша ұлттық экономиканы еуроға бейімдеу мәселесі шешілді. 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап Испания қолма-қол еуроға көшті.

Жоғарыда аталған көрсеткіштер XXI ғ. басында испандық экономикада, сонымен қатар демократиялық институттарды орнықтыру жолында орын алған терең өзгерістердің дәлелі.

Испанияның ЕО пен НАТО қызметіндегі сапалы жаңа бағыты Жерорта теңізі елдерімен қатынас орнатуы болды. Айқын мысал ретінде Испания бастамасын көтерген және аймақ мемлекеттерінің келіссөзі барысында аса белсенділік танытқан қатысушысы болған Барселондық үдерісті келтіруге болады. Испанияның бұл аймаққа бағытталған сыртқы саясаты кейіннен аса күрделі мәселелерді шешуге, сонымен қатар, тек осы аймақтағы ғана емес, бүкіл Еуропадағы қауіпсіздік мәселесіне бағыттала бастады.

Испания Жерорта теңізі аймағындағы ахуалдың жақсаруы мен оңтайлануына қажетті шараларды әзірлеу мен терең зерттеуге бағытталған маңызды халықаралық шаралардың бастаушысы мен ұйымдастырушысына айналды.

Экономикасының дамуындағы елеулі жетістіктер Испанияны Еуропалық құрылымдағы белседі интеграцияға итермелеп қана қоймай, Шығыс Еуропа мен Постсоветтік және Балқан түбегіндегі мемлекеттерге ашылатын жаңа мүмкіндіктер қатарын пайдалануға әкеліп соқты.

ЕО интеграциясы процессінің келешегін парасаттылықпен бағалай отырып Испанияның саяси және қоғамдық тобы 2004 – 2013 жылдары мемлекет демеуқаржының елеулі бөлігінен айырылып қалатындықтан, пайдасына қарағанда кемшілігі көп экономикалық келеңсіздіктер орын алады деп күтті. Бірақ соған қарамастан, сол кезде билік басында отырған социалистер Венгрия, Чехия, Польша секілді серіктестермен сауда-экономикалық және саяси қарым-қатынасты ұлғайтуды есептеді.

Мадридтің Латын Америкасы елдерімен серпінді экономикалық саясаты Испанияға халықаралық саясатта латынамерикандық серіктестері тарапынан сенімге ие болуына зор әсер етті. Испандықтарды маңызды мәселелер төңірегінде келіссөздер жүргізуге шақыруы Испанияның аймақтағы маңыздылығын жоғарылатты [2].

Сонымен қатар, ХХІ ғ. басында Шығыс Азия мен Азия-Тынық мұхит аймағы бүкіл планета экономикасында маңызды рөл атқаратыны айқын болды. Мадридтің сыртқы саяси басшылығы да осындай пікірді ұстанды. Испанияның Корей Республикасымен тиімді серіктестігі АТА елдерімен қарым-қатынасының әрі қарай дамуы жолындағы маңызды қадам болды.

ХХІ ғ. басында Испания өзінің халықаралық позициясын экономикалық, саяси, мәдени-өркениеттілік, әскери-стратегиялық жаһандану облысында және көпполярлық әлемдік тәртіпті қалыптастыру облысында нығайтты [3].

Ал Испаниядағы экономикалық дағдарыс пен оның сыртқы саяси қатынастарға әсеріне тоқталсақ, 2012 жылы дағдарыс еурозонадағы көлемі жағынан IV орындағы экономикаға зиянын тигізді, ол – испандық экономика болған еді. Испанияның әлеуметтік-саяси және қаржылық-экономикалық жүйесі мемлекет ішіндегі күрделі мәселелерді тудырды және Біріккен Еуропа деңгейінде мүдделердің қақтығысын күшейтті. 2012 жылдың басынан бастап Еуропаның бірқатар елдерінде экономикалық жағдай нашарлай бастады: қаржылық дефицит өсті, мемлекеттік қарыздың көлемі артты, жұмыссыздық көбейді, ішкі сұраныс төмендеді.

Жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс испандық экономиканың орындалуында зор кемшіліктерді айқындады. 1995 – 2007 жылдары Испанияда еуronың енгізілуіне байланысты орын алған төмен пайыздық ставкалар ішкі және сыртқы теңгерімсіздікті тудырды [4].

Орын алған дағдарыс испандық сыртқы саясатқа кем дегенде 3 бағыт бойынша зиян келтіріп отыр:

Біріншіден, бұл Испанияның халықаралық абыройы мен беделін түсіреді: ХХ ғ. II жартысында жетістікке жетіп, көпке мысал болған мемлекет, енді «Еуропаның науқасы» секілді болып қалды. Елді өз алдына басқаруға шамасы келмей қалғандықтан, экономикалық қиындықтарды шешу үшін шетелден инвестиция тарту мүмкін болмады.

Екіншіден, дағдарысты және оның салдарын жеңіп шығу – үкіметтің негізгі артықшылығы. Дағдарыспен күресуге бағытталмаған шаралар үкімет тарапынан қолдау таппайды.

Үшіншіден, Испанияның шетелде ықпалын күшейту үшін – бюджетті қысқарту, бұрын бәріне бірдей қолжетімді болған мемлекеттік шығындарға тыйым салу шаралары жүргізіледі [5].

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, заманауи, кешенді мемлекеттің абыройы мен мәртебесін бір сағатта иемдену немесе түсіру мүмкін емес. Дағдарыстың Испанияның нәтижелі сыртқы саясат жүргізу өнеріне елеулі зиян келтіреді деп есептеу қателік болар деп санаймын.

1. Аникеева Н. Е. Основные направления внешней политики Испании : 1976-2004 гг.
2. Susanne Gratius, 'Why does Spain not have a policy for Latin America?', FRIDE Policy Brief 29, January 2012
3. Боголюбова Н.М. Николаева Ю.В. Культурные центры во внешней политике современных государств//Латинская Америка, № 3, 2012
4. Charles Powell. The pain in Spain: political, social and foreign policy implications of the European economic crisis. 31/12/2012
5. ИТАР-ТАСС. Испания: от кризиса "экономики кирпича" до кризиса национальной экономики

УДК 304.44+930.85

МЕЖКУЛЬТУРНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СТРАН ЗАПАДА И ВОСТОКА В ИСТОРИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ

Мукатова Дина Тимуровна

alterlego@bk.ru

Студентка ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Т.В. Мармонтова

Восток издревле привлекал к себе огромное внимание со стороны западных народов. Благодаря своим особым традициям, искусству, атмосфере, люди видели в нем нечто мистическое, увлекательное и запретное. Как писал Жерар де Нерваль, один из первых “искателей приключений”: “В суровом и благочестивом Египте - стране загадок и тайн - красота, как и прежде, окутана завесами и покрывалами...”.^[1] И это, пожалуй, главное условие в изучении Востока европейцами – заложенная в крови предвзятость, не позволяющая здраво судить о том, каков он, настоящий Восток. Перед тем, как начинать описание у ученых уже есть сформированное мнение, которое является основой для шероховатостей, потому что, в первую очередь, специалисты эти подходят к вопросам, связанным с Востоком, прежде всего как западные люди. И уже после – как индивиды.

Такой подход в полной мере выражает ориентализм, как западная тенденция доминирования. Созданная на Западе классическая востоковедческая дисциплина, была нужна скорее для “понимающего контроля”, нежели чем для действительного понимания и осознания специфики Востока.

Культурная ценность восточной цивилизации не ставилась под сомнение. Для европейских специалистов особый интерес представляли литературные произведения. В них прослеживается искусство лести, весьма тонкое и неповторимое. Даже в переводе изящность текстов воспламеняла сердца европейцев. Так, швейцарский арабист Адам Мец, отмечает ценность произведений мусульманской литературы, их легкое изящество и свободное владение труднейшей формой изложения. В частности, он отмечает ценность писем IV-X вв., которые, по его мнению, представляют собой цвет мусульманского художественного ремесла. В качестве одного из наиболее ярких примеров он приводит двестишше Абу Бакра ал-Хваризми:

Я люблю тебя такой силой, что сделала бы любовь друзьями
Врагов, если бы они где-нибудь были^[2]

Определяющим фактором в межкультурном взаимодействии является принцип заимствований и влияний. Это был долгий и непрерывный процесс общения двух цивилизаций. Мотивы и сюжеты восточного происхождения в повествовательной литературе западноевропейского средневековья получили распространение через Византию, крестовые походы, паломников и купцов.^[3]

Существует множество схожих черт в литературном искусстве Запада и Востока. Одно